Балалардың дербес іс-әрекеті	"Шомылу" атты мультфильмін көру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)	"Қуыршақты ұйықтатамыз" ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Музыкадан ойын-жаттығулар "Доп, доп, домалақ". Мақсаты: балаларды әнді аспап	"Көлеңкеге не жасырдым?" дамытушы жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Ешкінің әні" дамытушы ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Балалардың "Жеті лақ" ертегісінің

сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Максаты: балаларды мультфильмнің бас кейіпкерлерінің қимылдарына сіліктеуге, әнінің сөздерін қайталауға қызықтыру. Табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалану, шынықтыру шараларына қызықтыру. "Бір және көп ойыншықтар" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Максаты: балаларды зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртүрлі заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Құралдар. Түсі, пішіні, көлемі, саны әртүрлі ойыншықтар. Жауаптың мысалы. Бір доп – көп доптар. Бір дөңгелек доп – көп дөңгелек доптар. Бір қызыл доп – көп жасыл доптар. Бір үлкен доп – көп кішкентай доптар. Мүсіндеу техникасын жетілдіру жаттығуы. (мүсіндеу) Максаты: қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.	Максаты: заттарды және олармен әрекеттерді атау. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты жатқызу) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету. С. Әлімқұлов "Әлди, әлди!" Әлди, әлди, бөпешім, Өн сап берем, келе ғой. Жыламышы, көкешім, Жұбатқанға көне ғой. Ұйқың келсе, бөлейін, Тербетейін есікке, Қаз-қаз басшы, көрейін, Барып келші есікке. Сурет салудан жаттығулар. "Спорттық себетте жатқан доптар" (саусак). (сурет салу) Максаты: ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Ересектер салған суретті толықтыруға үйрету: саусақты себеп көлемінен шықпай басу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды ұмақтау, жұмысты ұқыпты жасау, майлықты қолдануға үйрету. «Ғажайып дорба» ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максаты: заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу) орындауға баулу. Балалардың сөздік қорын ойыншықтарды білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту.	сүйемелдеуімен дұрыс орындауға ынталандыру; есту қабілетін дамыту; әнінің мағынасы мен сипатын қабылдап, эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. "Нысанға допты домалату" қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Максаты: допты нысанға домалатуы жетілдіру. Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кегілерді қолдарындағы допты домалатып, көзден құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегі құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты он қолмен, сол қолмен де домалатуға болады. Жапсырудан жаттығулар. Фланелеграфта шарларды орналастыру. (жапсыру) Максаты: жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарды, шаршыла), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	Максаты: балаларды ширма артына жасырылған заттарды, олардың көлеңкелеріне қарап, танып, атауға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін, тілін дамыту. Құралдар: балалар күнделікті ойнап жүретін және көлеңкесінен танылатын заттар мен ойыншықтар, көлеңке театрының ширмасы. Заттарды ширманың артынан оған мейлінше жақындатып көрсетелі. Қ. Мырза Әлі "Паровоз". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максаты: балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Пыс-пыс! - делі, Уһ-уһ! - делі Бір кезде. Пыш-пыш! - делі, Уф-уф! - делі Бір кезде. Тақы-түкі, Тақы-түкі, Тез өт! - деп, Токтамайды дөңгелектер безектеп.	желісі жөніндегі түсініктерін пысықтау, тиянақтау; әлеуметтік қатынастарға деген қызығушылықтарды ояту. Құралдар: "Жеті лақ" кейіпкерлерінің жеке кескіндері, ширма, үстел театрына қатысатын кейіпкерлерге тіреушелер. Балаларға "Жеті лақ" ертегісі кейіпкерлерін көрсетелі. - Балалар, мына кейіпкерлерді таныдыңдар ма? Атайықшы. Жарайсыңдар. - Қазір барлығымыз Ешкінің әнін лақтарға қайта айтып берейікші. Лақтарым менің, Шырақтарым менің, Сағындым лақтарыңды, Туығыммен қағам есікті. Ұзақ екен үйге жол, Жиналды сүт мол. Есікті аша қойыңдар, Тәтті сүтке тойыңдар. Сюжетті-рөлдік ойын «Отбасы». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максат-міндеттері. Өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету. Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Таппақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы.	Қимыл жаттығуы. "Мен өсемін". (дене тәрбиесі)	Ермексәзден "қамыр илеуі" дамытушы жаттығуы.	Кір қысқыштармен дамытушы жаттығуы. «Күн»	Кім не жейді?» Максаты: Жануарлардың қорегі

	"Мысығым" (ел аузынан). (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: балаларды авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқыл беруді суреттерді, қимылдарды көрсетумен сүйемелдеу. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. "Мысығым". Тікелейін құлағы, Менен бұрын тұрады, Бойын жазып, керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымынан калмайды, Көзін қысып алдайды. Ойынсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Нағима Арынова. <i>Арынова</i>	Мақсаты: балаларды саусақпен көркем сөз жолдарындағы ырғаққа сай қимылдар жасап, жеке сөздерді қайталауға ынталандыру; жаттығу нәтижесінде жағымды әсер алуға баулу; аяқ қыс құбылысы жөнінде ұғымдар қалыптастыру. Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өсі!" – деймін. Д. Ахметова <i>Ахметова</i>	(мүсіндеу) Мақсаты: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (илеу, дөңгелектеу), техникалық дағдыларын жетілдіру. <i>Мүсіндеу</i>	(сенсорика) Мақсаты: балаларды сөздік нұсқауға және үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қимылдарды үйлестіруді, қолдың ұсақ моторикасын, «көз – қол» сенсомоторлық кеңістіктік координациясын дамыту; берілген нысанға сай нұқты әрекеттерді орындауға жаттықтыру. <i>Көз – қол</i>	туралы алғашқы түсінік қалыптастыру. Барысы: Ойыншықтарды немесе суреттерді қолданыңыз. Ит дүкеніне сүйек, мысыққа сүт (немесе балық), қоянға сәбіз, аюға бал береміз деп ойнатыңыз. «Қоянға не береміз? Сәбіз береміз!» деп балаға тамақтандыруды ұсыныңыз. <i>Тәрбиеші</i>
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға өз киімдерін таңдау, атауды, өз шкафын таңбалаушы арқылы табуға үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). «Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Әжем қалап берген түймені, Елкім жүла алмайды, өйткені Түйме ұясына кіреді, Жымыңшып қарайды, күледі. Түйме ұясынан шықпаса, Еркінмен жүремін, жараса. Түйме салынады, сондықтан Мен бүгін қорықпаймын суықтан. (Д. Ахметова)				
Серуен	Картотека № 10	Картотека № 13	Картотека № 15	Картотека № 8	Картотека № 6
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын застанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке зағтарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Алақандар қайда? Тығалыпты сайда. Қане, сұға тосайық, Жуынайық. (Д. Ахметова)				
Балалардың үйге қайтуы	"2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?"	"2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?"	"Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету"	"Біз – колонер шеберіміз" көрмесі. Қолдан жасалған бұйымдар көрмесі челеңді.	"Баланың өз қолымен жасаған іс-әрекетінің нәтижесіне қуанышты қатынасын тәрбиелеу"

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г. Фатхоллина А.Ж

Тексерілген күні: 23.02.2026
Әліскер: А.Ж. Жумагалеева

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Ақпан айы (4 апта)

Мектепке дейінгі ұйым: «Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші).
Балалардың жасы: 1- 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 23.02 -27.02.2026ж.
Ақпан «Жасампаздық пен жаңашылдық айы»

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	23.02.2026	24.02.2026	25.02.2026	26.02.2026	27.02.2026
Апта дәйек сөздері: «Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көңісің». Абай Құнанбаев					
Балаларды қайылындыру	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, отын жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері"	"2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері"	"Сөздік қор дегеніміз не?"	"2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"	LEGO әлемі: арманымызды бірге құрастырамыз. https://bilimkids.kz/steam/100?l=7 Лего бөлшектерінен мұнара, қалпа, саты құрастыру.
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қиял, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Өсімдіктерге күтім жасау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету. Сөздік қорын еңбек әрекетін (жуу, суару, құю) білдіретін етістіктермен байыту.	«Өнегелі тәрбие» Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Ойыншықтарды сәттегі тізу (құрылыс материалдарды қоршап салу). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Сәттегі ойыншықтар мен құралдарды ретке келтіруге тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру. Ойыншықтар мен құралдарды таңуға, атауға үйрету. "Сыялы-сыямайды" дамытушы ойыны.	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие» Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. Үлестірілген материалдарды үстелдерге тарату (немесе жинау). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Ақ (түрлі түсті) парақтарды, төсеніштерді, таратпа заттармен табақшаларды таратуға (жинауға) үйрету. Құралдардың қауіпсіздігін қалағалау. BilimKids дамытушы мультфильм	«Өнегелі тәрбие» Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. "Асханадағы көмекшілер". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: ересектердің еңбегін бақылауға баулу; тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Қасықтарды табақшаның жанына салуды, майлық салғышты үстел ортасына қоюды үйрету. Кейбір ыдыс-аяқты атауға үйрету. "Әсем оюлар"	Ұлттық сөзім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбекті бақылау, қарапайым еңбек тапсырмалары. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, (аспидистра, фикус) үлкен жапырақтардың шанын сүрту. "Әр құстың өз орыны бар" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем

«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимні орындауы. Міндеттер: балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балаларды тапнақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталайды. Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айкастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппак қарды ерітіп, (саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау) Ағылып мың бұлақты. Тамшыланып ағалы, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғалы, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағалы. Д. Ахметова BilimKids дамытушы мультфильм Күн райы https://youtu.be/5ddRApcn9h0	(сенсорика) Мақсаты: қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлиық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. «Отбасы» саусақ гимнастикасы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсаты: балаларды тапнақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; отбасы мүшелерінің аттарын атауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді. Мына саусағым - атам, Мына саусағым - әжем, Мына саусағым - әкем, Мына саусағым - аням, Мына саусағым - мен. Әңгімелесу: «Менің атам мен әжем»	Күн райы https://youtu.be/5ddRApcn9h0 "Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу. қимылды жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) Мақсаты: балалардың тілін дамыту, қолдың таза болуын байқап жүруге үйрету, денсұлықты сақтау қабілеттерін игеруге ынталандыру. Суреттерді қолдана алады. Әлі жеңілге жетпек, Тәртіпті емес, тентек. Жұмлаған қолында, Ай-ай-ай, майлы шелпек. "Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы. (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша таны және музыканы есте сақтау Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар.	(жапсыру) Мақсаты: фланелеграфта қызықтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соғына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу), Шнык-шнык (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жию), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова	әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат: балаларды әр еңс түрінің бір өкілі туралы қысқаша әңгімелерден алынған мәліметтерді қолдана отырып жыртып, суда жүзетін, батпақты көлдерде өмір сүретін құстардың бейнелері бар суреттерді дұрыс тандауға жаттықтыру. Барысы. Кестеле бейнеленген құстар туралы шағын әңгімелер тыңдауға ұсыныс білдіреді. Құстардың түрлерінің, шарттарының құрылымының және қылықтарын сипаттағанда мұқият назар аударуларын сұрайды. Түрлердің құстардың өмірінде маңызды рөл атқаратынын айту. BilimKids дамытушы мультфильм Күн райы https://youtu.be/5ddRApcn9h0 "Нені киесің?" дамытушы жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балаларды киіну тәртібіне баулу; киім үлгілерін атап, қайда киетінін айтып беруге ынталандыру; өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ішпектерді қолдана білу, киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюды бекіту. Зейінін, тілін, ақыл-ойын дамыту. Құралдар: қуыршақтың киімдері (киім үлгілерінің жеке суреттері немесе жаңа киімдердің үлгілері).
--	---	---	---	---

- (дене тәрбиесі, музыка)
1. "Білік үй саламыз" жаттығуы.
Бастапқы калып тік тұру, қолды төменде ұстау.
1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Білік үй саламыз" деп айтқызу.
2 - бастапқы калыпқа келу (4-5 рет).
 2. "Кіріпінтерді қалаймыз" жаттығуы.
Бастапқы калып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеле.
1 - оң жаққа бұрылып, еденді текісемен ұру "Кіріпінтерді қалаймыз" деп айтқызу.
2 - бастапқы калыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады).
 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы.
Бастапқы калып тік тұру, қолды төменде ұстау.
1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу.
2 - бастапқы калыпқа келу (4-6 рет).

Таңғы ас

(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)

Мақсаты: жуу алгоритмін бекіту. Ересектің бақылауымен бетін, қолын тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету.

Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыруды үйрету.

Ас ішу құралдарын дұрыс қолдануды үйрету. Тамақ ішкеннен кейін беті-қолды жуғызу.

Ағып жатыр мөлдір су,
Қане, қолды созып жу,
Алақанды үйкелеп,
Саусақтарменен тербелеп. (Д.Ахметова)

Көркем сөз

Қомағай қоңыр аю,
Нанды шашып жеп отыр.
Түсінбелік бір сөзін,
Аузы нанды толып тұр.
Сөйлемей іш тамақты,
тарсылдатып табақты.

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық

"Күй күмбірі": "Кенес - халық күйі" (орындаған Талғат Мұқышев) <https://kitap.kz/music/2/talgat-muqyshevtyn-goryndauyndagy-kuyler>

«Өнегелі»: Музыка және дыбыстар. Тақырыбы: "Музыка біздің айналамызда". Мақсаты: музыкалық түйсікті, музыкаға қызығушылықты қалыптастыру; жағымды эмоцияларды дамыту, "Мені қайтала" ойынның ұйымдастыру. Кәуіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру

Балалардың сөздік қорын көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу) білдіретін етістіктермен байыту.

Неткен сұлу көктем шая!
Көгалда өскен бақбақ.
Сары түс мұнда көп екен,
Күннің көзі – нұр көктем.

"Торғай" саусақ жаттығуы.
(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

Мақсаты: балалардың тапқырлық мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; қолдың ұсақ қол моторикасын жетілдіру.

Торғай, торғай, тоқылық,
Жерден тары шоқын ал,
Бөтесі томпайып,
Тойған қозыдай монғайып,
"Шін-шін" десіп отырап.

«Отбасы» саусақ гимнастикасы.
(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)

Мақсаты: балаларды тапқырлық сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойшағыдай жасауға ынталандыру; отбасы мүшелерінің аттарын атауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Әр жолды айтқан сайын балалар саусағын бүгеді.
Мына саусағым - атам,

Дидактикалық ойын «Коян қайда?».

(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

Мақсаты: жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтуға үйрету.

Балалардың белсенді сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін зат есімдермен байыту.

Таныс заттарды атауға, өтініші бойынша оларды көрсетуге ынталандыру, қарапайым

"Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны.

(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

Мақсаты: ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету.

Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін

		Балалар бос бармақтарын біріктіріп, күштің үшкінін келтіріп, алақанларын қағалы. Сүк саусақтарымен үстел үстін қағалы.	Мына саусағым - әжем, Мына саусағым - әкем, Мына саусағым - анам, Мына саусағым - мен. Өңімелесу: «Менің атам мен әжем»	сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік беру. Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдыларын бекіту; ересектің сөзін түсінуін жетілдіру; сөздік қорын кеңейту.	дамыту. Ізгі қасиеттерін нығайту, олармен әрекеттерін аяқтау, ынталандыру.
Кестеге сәйкес VIÜ	Ерте жас Дене тәрбиесі "Көңілді кездер" Міндеттері: тұлғалардың орындай отырып, бағанда бір-бірден жүру және жүгіруге жаттықтыру, жаттығуларды музыкамен орындау дағдыларын бекіту, балаларды орындай үстімен жүруге, тепе-теңдікті сақтауға, дөңселектен дөңгелекке секіруге, бағдар арасындағы «жыланып» жүруге үйрету. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.	Ерте жас Музыка "Көңілді сауысқан" Міндеттері: музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу. Өңінің әуені мен сөздерін тыңдау, көңілді сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау, мазмұнын түсінуге үйрету. Өн айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру. Музыкамен жүру, жүгіру, зигтармен қарапайым қимылдар орындау. Музыка сипатының өзгеруімен балаларды қимылдарды өзгертуге үйрету. Ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындауды үйрету. Тайтұжк аспапмен қарапайым ойын дағдысын қалыптастыру.	Ерте жас Дене тәрбиесі "Көңілді торғайлар" Міндеттері: балалардың аса биік емес зигтардан (қорытан) секіру қабілеттерін нығайту, педагог сонымен шеңбер бойымен жүруге үйретуді жалғастыру. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, секіруді жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.	Ерте жас Дене тәрбиесі "Қарлығашпен кездесу" Міндеттері: жүру және жүгіру дағдыларын нығайту; жүру; жол бойымен - екі параллель арқанлар арасында (ені 35-30 см); жөй жүру және жүгіру; бір-бірімен соқтығыспай түрлі бағыттарда қозғалу. Денсаулықты нығайту. Дене белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Жүруді, тепе-теңдікті сақтауды жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты арттыру. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.	
	Кіші топ Дене тәрбиесі "Көңілді құстар" Міндеттері: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтың секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру, секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталану, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру.	Кіші топ Музыка "Көңілді торғай" Міндеттері: музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойында қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау. Музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету, қимылдарды бере білу. Көктем мезгілінде құстардың тіршіліктері жайында түсініктерді танытастыру.	Кіші топ Дене тәрбиесі "Аулаға құстар ұшып келді". Міндеттері: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру қабілеттерін дамыту; төрт тағанды жүруге ынталандыру; кірпі секілді дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау. Жалпы дамытушы жаттығуларды сонымен қайталану, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйретуді жалғастыру.	Кіші топ Дене тәрбиесі "Құстар әлемінде". Мақсаты: балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталану; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Жалпы дамытушы жаттығуларды сонымен қайталану, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін орындау сапасын жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйретуді жалғастыру.	

	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Аю, түр! Оқишы!" Максаты: балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату бырысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуда дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Көктем шақырады". Максаты: балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне таң табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Әжеге алақ". Максаты: балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; бір "моншактан" кейін келесіні, көскіндері бірі-біріне тиетіндей, тығыз салып шығу тәсілдеріне жаттықтыру; сызықты көбірек "моншакқа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру.	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Құстарға жем шашайық". Максаты: балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді ұлу, жұлу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналындыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуда үйрету; құстарға еліктен, дыбыстарын сөзбен айтуды жаттықтыру; құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.	Сенсорикадан ойын-жаттығулар "Қуыршақ Данышын киімі". Максаты: балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, татаалдыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылады, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Балаларға өз киімдерін таңдау, атауды, өз шкафын таңбалаушы арқылы табуға үйрету. Белгілі бір ретпен кию және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). Сөздік қорды киім, аяқ киім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәнді әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін сөздермен байыту. «Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. Киюдің реті бар. Колготтар, шұлық, шалбар. Аяқ-киімнің жабысқағын салу. Содан соң бас киім мен күртшені кию. Бауды байлау, сыдырманы салу. Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова)				
Серуен	Картотека № 11	Картотека № 18	Картотека № 13	Картотека № 4	Картотека № 2
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру. Сөздік қорды киім, аяқ киім, жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, қарама-қарсы мәнді әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін				

	сөздермен байыту. Сылдырайды мөлдір су. Мөлдір суда қолымды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Түскі ас	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыруды үйрету. Ас ішу құралдарын дұрыс ұстауға үйрету. Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп киюге ынталандыру. Қомағай қоңыр аю, Нанды шашып жеп отыр. Түсінбедік бір сөзін, Аузы нанға толып тұр. Сөйлесей іш тамақты, Тарсылдатпа табақты.				
Күндізгі ұйқы	(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) Мақсаты: киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. Балалардың тыныш ұйқыға жатып, тәтті ұйықтауына жағымды жағдай тудызу. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықсату. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. «Әлди-әлди, ақ бөпем» (халық аузынан) Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін. Байқұтанның құйрығын Жіпке тағып берейін.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) Біртіндеп оянудың жағымды жағдаяттарын ұйымдастыру. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторларды (ауаны) пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтерін-түсіру. Жалтақтабаудың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек". Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру. Қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рольдік, үстел үсті-басы және басы)	Сурет салудан жаттығулар. "Шатырдан тамшылаған су" (саусақ). (сурет салу) Мақсаты: ересектермен бірлескен әрекеттерге қатысушылықты	Суреттерді қарастыру. Киімдер (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика) Мақсаты: заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден	"Музыкалық суреттер" дамытушы ойын-жаттығуы. (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін	"Сиялы-сыймайды" дамытушы ойыны. (сенсорика) Мақсаты: қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың"	Тақтақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.

...у іс- ...екеті, кітап ...арау және ...басқалары)	толықтыруға үйрету; құбырдан жоғарыдан төмен түскен тамшылар тізбегін саусақ арқылы салу. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды уағдаламау, жұмысты ұқыпты жасау, майлықты қолдануға үйрету. "Кімдікі? Онымен не істейді?" дамытушы ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максаты: ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; зат есім, етістікті қолдануға үйрету. Заттардың кімге қажет екенін анықтау; байланыстырып сөйлеу, еске сақтау қабілетін дамыту. Заттарды және олармен әрекеттерді атауға ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Менің көңілді добым...". (дене тәрбиесі) Максаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты құалау керек. Тыныс алу жаттығуы.	тану. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Сөздік қорларын байыту. Қоршаған әлемге қызығушылықты арттыру. Аузына нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Жапсырудан жаттығулар. Фланелеграфта шарларды орналастыру. (жапсыру) Максаты: жапсыруға қызығушылықты ояту. Жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық қалыптардың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. BilimKids дамытушы мультфильм Күн райы https://youtu.be/5ddRApcn9h0	әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша таңу және музыканы есте сақтау Құрал-жабдықтары. Сипаты әртүрлі әуен жазбалары, заттық суреттер немесе ойыншықтар. "Пирамиданы құраймыз" ойыны. (сенсорика) Максаты: берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртүрлі заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп); "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; қабылдауды, ойландыруды дамыту. Түрлі-түсті шенберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстінгі түсті алып, Қайта кілемге пашамын. "Қуыршақты тамақтандырамыз" ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максаты: заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (қуыршақты тамақтандыру) орындауға баулу. Сөз тіркестерін құра білуге (зат есім + етістік) ынталандыру. Балаларды бесік жырыларын тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды көрсетумен сүйемелдеу. "Дана ботқаны жемейді". Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді. Дана, басқалардың қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық. Дәмді асты тауысайық. Д. Ахметова	сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесімен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Саусақ ойыны. "Бас бармақ" (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика) Максаты: балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шымыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек.	"Шешпек". Елге келсең, ер ұлаң, Қарама сен немкетті. Шыққан ана қолынан Сүйсініп же шешпекті. "Бауырсақ". Жеп көрмесең болмайды. Ұяңды дәмін сағынсаң. Қактырады таңдайды Майға піскен бауырсақ. Рөлдік ойын «Отбасы» (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Максаты: өз есімі мен жасын, отбасы мүшелерінің аттарын атауға үйрету. Балаларды ойын барысында отбасының тұрмыс-тіршілігін шығармашылықпен бейнелеуге ынталандыру; екі кейіпкер қатысатын сюжеттерде (ана — қыз) өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру; бір-бірімен тіл табысып, өзара келісімде ойнау қабілеттерін дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	"Құстарға жем". Максаты: ермексаздың шамасы	"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны.	Көңілді жануарлар тыныс алады» (Тыныс алу жаттығуы)	"Сылдырмақтармен билеу" жаттығуы.	"Құстардың дауысы" дидактикалық ойыны.

Бірдей ұзақ кесектерді үзу,
жемдерді илеу амалдарын игерту.
(мүсіндеу)

Исаев

(қоршаған әлеммен таныстыру)
Мақсаты: балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуда ынталандыру, дағдыландыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту.
Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақліндері.
- Балалар, бізге қандай аңдар келеді?
- Қандай аңға не бересіңдер?
Балалар қоянға - сәбіз, түлкіге - кәмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады.
- Қандай аңға не береміз?
Дәмді коректі тереміз:
Қоянға - сәбізді,
Түлкіге кәмпитті,
Қасқырға болсын бауырсақ,
Тиінге - саңырауқұлақ.

Халижа

Мақсаты: Өкпені дамыту, дұрыс тыныс алу арқылы ағзаны оттегімен байыту және баланы тыныштандыру.
Ойын барысы: Балаға мұрымен терең дем алып, ауызбен шығаруды үйретеміз:
«Кірпі сияқты нискейміз» — мұрынмен жылдам әрі қысқа дем алу (пыс-пыс).
«Қаша пісіп жатыр» — ішке терең дем алып, ауызды дөңгелетіп «пф-ф-ф» деп ұзақ дем шығару.
«Ыстық шайды үрлейміз» — алашанды тосып, оған жылы дем шығарып үрлеу.

Тюмичев Т

(музыка)
Мақсаты: балаларды музыка ырғағына, педагогтің көрсеткеніне сай қимылдарды орындауға дағдыландыру; жағымды эмоцияларды дамыту.
1. Сылдырмақ еденге жатыр. Аяқты табиғатқа қою.
2. Екі жаққа бұрылып, жартылай отырып-тұру.
3. Қол шапалақтау.
4. Екі аяқпен секіру.
5. Айналу.
6. Сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлату.
7. Сылдырмақпен билеу.
Жаттығу соңында әуен ырғағымен сылдырмақтарды себетке салуға шақыру.

Аска

(тіл дамыту және әдебиет)
Мақсаты: балаларға қастарлы дыбыстары жайындағы түсініктерді беру, қастарлы дыбыстарын елктеуін сөздер арқылы айтқызып, артикуляциясын жетілдіру. Балалар ерекше адамның сұрақтарына сәйкес қастардың дауысына еліктеп, аталған қастың дауысын салып жауап береді.
- Қарға қалай дыбыстайды? (Қарға қарқылдайды. "Қар - қар - қар" - дейді!)
- Бұлбұл қус қалай дыбыстайды? (Бұлбұл сайрайды. "Тех - Тех" - деген дыбыс шығарады.)
- Торғай қандай дыбыс шығарады? (Торғай шырылдайды. "Шык-шык!" - дейді.)
- Көкек қалай дыбыстайды? (Көкек "Көкек-көкек" - дейді.)

Асман

Серуенге дайындық

(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)
Балаларға өз киімдерін тағуды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы тағуды үйрету. Белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білуді қалыптастыру. Шкафтан далаға киетін аяқ киімін алу дағдысын қалыптастыру, көмек сұрау кезінде сөзбен өтініш білдіруді үйрету, қабылдау бөлмесінде салмақты болуды үйрету. Балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелердің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер).
«Қауіпсіздік». Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.
Киінудің реті бар,
Қолготтар, шұлық, шалбар.
Аяқ-киімнің жабысқағын салу,
Содан соң бас киім мен күртешені кию.
Бауды байлау, сыдырманы салу,
Дұрыс киінгенімізді тексеру. (Д. Ахметова)

Серуен

Картотека №

5

Картотека №

7

Картотека №

12

Картотека №

1

Картотека №

9

Серуеннен оралу

(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет)
Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуді үйрету. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі оқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіруді қалыптастыру.
Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолыңды жу.

жуыққан сен әрдайым.
Таза бетін, маңдайын.

Балалардың үйге қайтуы	"2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері"	"2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері"	"Сөздік қор дегеніміз не?"	"2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"	"2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"
------------------------	---	---	----------------------------	--	--

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г. Фитхоллина А.Ж.